



**МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ**

КҮЗДЕ МОЛ ӨНІМ АЛУ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САПАСЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. СОНДЫҚТАН ЕГІН НАУҚАНЫ БАСТАЛМАЙ ТҰРЫП, ДАЙЫНДЫҚТЫ КҮШЕЙТУ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

# БЕРЕКЕНІҢ НЕГІЗІ КӨКТЕМНЕН БАСТАЛАДЫ

Айгүл  
БАЙБОСЫНОВА

Бұл мәселе Сарқан ауданында өткен арнайы жиында кеңінен талқыланды. Басқосуға жауапты басқарма өкілдері, аудан әкімдіктері, сала мамандары мен шаруалар қатысты. Алдымен облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев сөз сөйлеп, жиында қаралатын негізгі мәселелермен таныстырды.

– Ауыл шаруашылығын дамыту басты назарда. Мемлекет Басшысы кезекті Жолдауында, Ұлттық құрылтай отырысында, Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында, осы саланың қарқынды дамуы бойынша бірқатар тапсырма берді. Басты міндет алдағы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісін 2 есе ұлғайту. Бұл бағытта нақты жоспарлар бар. Енді бізге – сапалы жұмыс пен нақты нәтиже көрсету керек. Қазіргі уақытта көктемгі дала жұмыстарына дайындық жүргізілуде, оның уақытылы әрі сапалы болуы ойқандар үшін өте маңызды. Бұл аса жауапты іс, – деді Әлібек Әскербекұлы.

Бұдан соң өткен жылы жіберілген кемшіліктер де назарға алынып, оның биыл қайталанбауы үшін ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстарды жүйелі түрде жандандырудың маңыздылығы аталып өтті. Осыған байланысты облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев аталған мәселелерді ескере отырып, ерте кезден нақты шаралар қабылдаудың маңыздылығын, бұл салада нақты нәтиже болуы тиіс екенін көлденең тартты.

Ең алдымен, көктемгі дала жұмыстарына дайындықты пысықтау, шаруаларды қажетті жанар-жағармай, тұқым және минералды тыңайтқыштармен уақытылы қамтамасыз ету басты назарда. Сонымен бірге, суармалы жерлердің тиімділігін арттыру, заманауи технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы техникаларын науқанға дайындау, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару және оны айналымға енгізу, мал шаруашылығын өркендету, тұқым асылдандыру, басқа да жұмыстарды күшейтуге баса мән берілді.

Өз кезегінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаевтың баяндамасы тыңдалды. Айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабын 511,8 мың гектарға жеткізу немесе өткен жылмен салыстырғанда 1,1 мың гектарға артық себу көзделіп отыр. Ал оның 387,5 мың гектары көктемде себілмек. Егіс алқаптарын әртараптандыру шеңберінде бидай 3083 гектар, майлы дақылдар 1163 гектар, көкөністер 377 гектарға қысқарып, дәндік жүгері 5 171 гектар, арпа 1426 гектар, қант қызылшасы 838 гектарға ұлғаймақ.

Биылғы егінге 51,9 мың тонна көлемінде жаздық ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымдарының қажетті қоры қамтамасыз етілген. Қант зауыттарының өндірістік қуаттылығы ескеріле келе, биылғы қант қызылшасының егістік көлемі 13,0 мың гектарға дейін ұлғайып, өткен жылмен салыстырғанда 838 гектарға артып, жалпы 585,0 мың тонна өнім алу көзделуде. Жоспарланған егіс көлеміне 17,4 мың бірлік тұқым қажет. Оның негізгі

көлемін Көксу және Ақсу қант зауыттары қамтамасыз ететін болады.

Бүгінгі күнге Ақсу, Алакөл, Сарқан аудандары бойынша себілетін 5600 гектарға қажет 7834 себу бірлік тұқымға өтінім берген 122 шаруашылықтың тізімі Ақсу қант зауытына ұсынылыпты. Десе де жоспарланған өнімді уақытылы қабылдау үшін ерте пісіп-жетілген тұқым пайдалану маңызды. Бұл тұрғыда, өткен жылдың тәжірибесі ескеріле отырып шамамен 3500 гектарға ерте жетілетін 120 күндік Авантаж сорты себілмек, бұл зауыттардың қызылшаны 10 қыркүйектен бастап қабылдауына мүмкіндік береді.

Кезесуде агросактандыру, мал шаруашылығы, вегетация, жеңілдетілген несие лизинг және салық мәселелері қаралды. Шаруаларға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен жаңа салық кодексінің нормалары түсіндірілді. Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру мәселелері пысықталды.

(Соңы 2-бетте)

**ЕЛ ШЕБІНДЕ**

## БАТЫРҒА ҚҰРМЕТ

ҚР ҰҚК шекара қызметі облыстық департаментіне қарасты Алакөл аудандық шекара басқармасының «Арасан» шекара бөлімшесінде Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың ерлігіне арналған тағылымды кеш өтті.

Шараға Арасан ауылы орта мектебінің жас шекарашылары қатысты. Кездесу барысында оқушыларға қазақтың қаһарман қызы Әлия Молдағұлованың ерлігі мен отансүйгіштік рухы кеңінен насихатталды.

Сондай-ақ әскери жоғары оқу орындарына түсу тәртібі, талаптары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді. Жастар тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап ұсынылды.



## ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Панфилов аудандық шекара басқармасына қарасты «Көксу» бөлімшесінің бастығы, майор Н. Исмайыл «Жас шекарашы» әскери-патриоттық үйірмесінің жоспарына сәйкес Көксу орта мектебінің оқушыларына танымдық сабақ өткізді.

Сондай-ақ, кездесуі барысында жастарды әскери мамандыққа баулу мақсатында жоғары әскери оқу орындарына түсу тәртібі түсіндірілді. Оқу талаптары мен қызмет мүмкіндіктері туралы кеңінен баяндалды.

Сондай-ақ, оқушылардың қойған сауалдарына жауап берілді. Әр шекара бөлімшесінде оқушылардың қатысуымен ұдайы кездесу өткізіліп тұрады. Балалар күнделікті шекара қызметінің жұмысымен танысып, болашақта Отанын адал қорғайтын офицер болады деп сенеміз.

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ  
ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІ

**Өңір тынысы**

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖОЛДАР МЕН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ТАЛАПҚА САЙ ЖАСАЛЫП, КӨШЕЛЕР ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛДЫ. ТҰРҒЫНДАР ТАБИҒИ ГАЗБЕН ДЕ ҚАМТЫЛЫП, ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ АУЫЗСУ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛУДА.

Былтыр Жаркент өңіріндегі жолдарды жөндеу жұмысы жауапкершілікпен атқарылды. Мемлекеттен бөлінген қаржыны уақытылы игеріп, жасалған жолдардың сапасы талапқа сай болуын аудан әкімі өзі қадағалап отырды. Жаркент қаласының 1 көшесіне 28,3 млн. теңге жұмсалып, электр жарығымен жабдықталды. Өңірдегі басқа да елді мекен көшелерін жарықтандыру назардан тыс қалған жоқ.

Нәдек, Үшарал, Ақжызық, Алмалы, Әулиеағаш, Жаркент-Арасан ауылдарының 8 көшесіне 192,5 млн. теңгеге 452 жарық шамдары орнатылды. Қоңырөлен, Атамекен, Сарыбел, Үшарал, Айдарлы, Әулиеағаш, Еңбекші, Басқұншы, Көктал ауылдарындағы Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан майдангер жерлестерге қойылған ескерткіштер 30,3 млн. теңгеге ағымдағы жөндеуден өтті. «Жаркент Мешіті көркем сәулет мұражайы» маңына келушілер серуен құратын «Арбат» жасалып, көркейтілді.

Қаладағы Головацкий көшесінің Жібек жолы – Масаншы көшелері аралығындағы бөлігі де абаттандырылды. Жібек жолы даңғылының шығыс бөлігі де жасалуда. Атамекен ауылындағы орталық саябақ 17,6 млн. теңгеге ағымдағы жөндеуден өтті. Жаркент қаласында көпқабатты 4 үйдің ауласы 49,9 млн. теңгеге жөнделді. Өңірдегі автомобиль жолдарының жағ-

# ЖОЛ – ӨРКЕНИЕТ АЙНАСЫ

дайын жақсарту бағытында жыл сайын жөнделіп, жаңартылады. Былтыр Көктал ауылынан «Алматы-Қорғас» республикалық маңызы бар жолына шығатын 15 шақырмы және Көнебе асуындағы көпір, «Сарыөзек-Көктал» бағытындағы 110-178 шақырым жол бөлігі толық жөнделді. Бүгінде 20-дан аса су өткізгіш құбырлар, апаттық жолдар, асфальтбетон жабындының төменгі және жоғарғы қабатын орнату, жол жиектерін нығайту толық ретке келді. Қойбын шатқалындағы көпір кеңейтіліп, Шолақсу өзенінің сел орған жол жиектері қалпына келді.

Қоңырөлен және Ақжызық ауылдарындағы учаскелер абаттандырылып, жарықтандырылды. Облыстық маңызы бар Жаркент-Сарыбел автожолының 4 шақырмын орташа жөндеу аяқталды. Басқұншы ауылына кіреберіс жолын күрделі жөндеу биыл бітпек. Аудандық маңызы бар Ынталы ауылының 11,77 шақырым кіре беріс

жолын күрделі жөндеу аяқталуға таяды. Жаркент қаласының 2 көшесін күрделі жөндеу жыл соңына дейін бітеді.

Жаркент, Әулиеағаш, Басқұншы елді мекендерінің көше жолдарының 13,8 шақырмын орташа жөндеуге 441,5 млн. теңге бөлініп, 6,7 шақырмы орташа жөндеуден өтті. Сегіз елді мекеннің 16 көшесіне 214,3 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жаркент қаласының көшелері мен аудандық маңызы бар жолдардың ойық жерлеріне 35,3 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жасалды.

Биыл да өңірдегі елді мекендерде жол жөндеу мен көшелерді жарықтандыру жалғасады. Ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру, жол жиектеріне такталар қоюға ерекше мән берілмек. Бұл жұмыстың біразы көктемгі тазалық айлығында бастау алады.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ  
Панфилов ауданы



**Kaspi QR**



ГАЗЕТКЕ KASPI QR АРҚЫЛЫ  
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

**Құрметті оқырман!**

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болып, сан саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіңізді толғандырған сауалдарға жауап іздесеңіз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тамыры терең тарихымыздан нәр алуды ойласаңыз облысымыздың төл басылымы, қазақ баспасөзінің атасы «Jetisy» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіз.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуыңызға болады:

8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958,  
87474106909.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА



# АСА ЖАУАПТЫ ҚАДАМ

Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізу – еліміз үшін аса жауапты әрі салмақты қадам. Өйткені Конституция – тек заң нормаларының жиынтығы емес, ол мемлекеттің саяси, құқықтық және рухани болмысының іргетасы, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің басты тірегі. Сондықтан мұндай ауқымды шешім жабық форматта немесе тар шеңберде қабылдануы мүмкін емес. Бұл – бүкіл халықтың тағдырына тікелей әсер ететін, ортақ жауапкершілікті талап ететін тарихи таңдау.

Ұсынылып отырған Конституциялық жаңғыру – уақыт талабынан және қоғамның пісіп-жетілген сұранысынан туындаған қажеттілік. Соңғы жылдары азаматтық белсенділік айтарлықтай артты, халықтың құқықтық санасы жаңа деңгейге көтерілді, мемлекетке деген талап та күшейді. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайту үшін құнды құжатты заман талабына сай қайта қарау – заңды әрі орынды қадам.

Конституциялық комиссия Ата Заңның барлық негізгі нормаларын кешенді түрде зерделеіп, нәтижесінде жаңа Конституция жобасын ұсынды. Жоба Кіріспеден, 11 бөлімнен және 95 баптан тұрады. Бұл қолданыстағы редакциямен салыстырғанда елеулі құрылымдық әрі мазмұндық өзгерістерді білдіреді. Яғни, әңгіме жекелеген баптарды түзету туралы емес, Конституцияның тұтас философиясын жаңарту жөнінде болып отыр.

Жаңа Конституцияның преамбуласы айрықша маңызға ие. Онда ұлттық құндылықтарымыз, қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің тарихи сабақтастығы мен өркеніеттік тамыры айқын көрініс тапқан. Ұлы Даладағы мемлекет құру дәстүрі алғаш рет Ата Заң деңгейінде нақты әрі тұжырымды түрде бекітілді. Бұл қадам мемлекеттің идеологиялық негізін күшейтіп қана қоймай, болашақ ұрпаққа бағытталған рухани бағдар қалыптастырады.

Конституция құрылымына екі жаңа бөлімнің енгізілуі – саяси жүйені жаңғыртудың маңызды көрінісі. Олар – «Халық кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» бөлімдері. Бұл институттар халықтың ел басқару ісіне қатысу мүмкіндігін

кеңейтіп, билік пен қоғам арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Сонымен қатар, төрт бөлімнің атауы мен мазмұны жаңартылып, қазіргі саяси, әлеуметтік және құқықтық талаптарға сай қайта жүйеленді. Мұның өзі мемлекеттік басқару жүйесінің айқындығын арттырып, билік институттарының жауапкершілігін күшейтеді.

Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі – адам құқықтары мен бостандықтарының бүкіл құжаттың мағыналық өзегіне айналуы. Бұл қағидат енді декларативті сипатта ғана емес, барлық бөлімдер мен баптарда жүйелі түрде көрініс тапқан нақты құқықтық бағдар ретінде бекітілді.

Алғаш рет әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау секілді іргелі ұғымдар Конституция деңгейінде орнықты. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы әрі егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені нақты әрі айқын тұжырымдалды. Бұл нормалар мемлекеттің адамға қызмет ету қағидатын басты орынға қояды.

Цифрлық технологиялар дәуірінде азаматтардың құқықтарын қорғау жаңа мазмұнға ие болуда. Осыған байланысты жаңа Конституцияда цифрлық ортадағы құқықтарды қорғауға ерекше мән берілген. Жеке деректердің қорғалуы, онлайн-қызметтерге тең қолжетімділік, интернеттегі қауіпсіздік пен жеке өмірге қолсұғылмаушылық конституциялық деңгейде бекітіледі. Бұл – мемлекеттің азамат құқығын тек дәстүрлі кеңістікте ғана емес, цифрлық ортада да қорғауға дайын екенінің айқын дәлелі.

Жаңа Конституцияда дін мен мемлекеттің аражігі нақты ажыратылып, білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы

сипаты айқын бекітіледі. Оның ғылымға, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделетіні нақты көрсетіледі. Бұл қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің және радикалды көзқарастардың алдын алудың маңызды кепілі саналады.

Неке ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықты одағы ретінде айқындалып, бұл норма дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғаумен қатар, әйелдердің құқықтық кепілдіктерін күшейтуге бағытталған.

Қазақстанның басқару нысаны президенттік республика ретінде сақталады. Ұсынылып отырған өзгерістер «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына толық сәйкес келеді.

Осы тұрғыда бір палаталы, 145 депутаттан тұратын жаңа Парламент – Құрылтай құру көзделген. Ол пропорционалды сайлау жүйесі негізінде қалыптасып, саяси партиялардың рөлін күшейтуге және олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қазақстанның Халық кеңесі атты жаңа жалпыұлттық диалог алаңы құрылады. Бұл орган халықтың түрлі әлеуметтік топтарының мүддесін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие консультативтік құрылым ретінде қоғамдық келісімді нығайтуға қызмет етеді.

Адвокатура институтына арналған арнайы баптың енгізілуі, зияткерлік меншік құқығын қорғау, «Миранда ережесінің» конституциялық деңгейде бекітілуі, кінәсіздік презумпциясының нақтылануы және қамауда ұстау мерзімінің қысқартылуы – құқықтық мемлекетті нығайту жолындағы маңызды қадамдар.

Қорытындылай келе, жаңа Конституция жобасы – жекелеген түзетулер жиынтығы емес, мемлекеттің құқықтық, саяси және идеологиялық негізін түбегейлі жаңғыртатын кешенді реформа. Ол билік пен халық арасындағы сенімді нығайтып, Қазақстанның дамуын адам капиталына, білім мен ғылымға, әділеттілік пен заң үстемдігіне негіздеуді көздейді.

Бұл тарихи таңдау бойынша соңғы сөзді Қазақстан халқы жалпыұлттық референдумда айтады. Демек, жаңа Конституция – елдің бүгінгі ғана емес, ертенің айқындайтын ортақ жауапкершілік пен саналы шешімінің нәтижесі болмақ.

**Арыстанғали ҚАДЫРҰЛЫ,**  
**«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы**

# ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Конституциялық реформа – Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып, мемлекеттің дамуына жаңа серпін берген маңызды қадам. Бұл – ел болашағын айқындайтын, қоғам сұранысына негізделген тарихи шешім.

Ата Заңға енгізілген өзгерістер саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар тарапынан түскен ұсыныстарды жан-жақты зерделеу, ашық қоғамдық талқылаулар өткізу және жаңа нормалар мен ережелерді тиянақты пысықтау нәтижесінде қабылданды. Бұл үдеріс халықтың пікірін ескеруге бағытталған ашықтық пен жариялылықтың айқын көрінісі болды.

Жаңартылған Конституцияның басты бағыты – адамға бағдарланған мемлекет қалыптастыру. Тұжырымдамалық өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге, қоғамға тән негізгі құндылықтар мен қағидаттарды айқындауға, сондай-ақ саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңа Преамбулада алғаш рет адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде бекітілді. Сонымен қатар бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің берік негізі ретінде белгіленді.

Ата Заңның жаңа мәтінінде білім мен ғылымға, мәдениет пен инновацияға айрықша мән берілген. Бұл еліміздің болашағы табиғи байлықтарға ғана емес, ең алдымен адами капиталдың дамуына, азаматтардың білімі мен қабілетіне байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар цифрландыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Конституцияда алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғауға бағытталған норма бекітіліп, заманауи қоғам талаптарына сай құқықтық негіз қалыптастырылды.

Жаңартылған Конституцияның тағы бір маңызды қыры – зайырлы мемлекет қағидатын нақты айқындауы. Дін мен мемлекеттің ара-жігі ажыратылып, білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалды.

Жалпы, еліміздің жаңа Ата Заңы қалыптасқан мемлекеттік құрылымды нығайтып, халықаралық беделімізді арттыруға, білім, ғылым мен инновацияны дамытуға кең жол ашады. Бұл – Қазақстанның сенімді әрі тұрақты болашаққа бет алғанын айғақтайтын маңызды құжат.

Конституциялық реформа – халықтың мүддесін қорғауға, әділетті қоғам қалыптастыруға және өркеніетті мемлекет құруға бағытталған тарихи таңдау. Сондықтан бұл өзгерістер елдің азаматтың өмір сапасын арттыруға қызмет ететін сөзсіз.

**Әсет ҚЫДЫРМАНОВ,**  
**«Алматы және Жетісу облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық бірлестігінің төрағасы**

ЖЕТИСУ-АҚПАРАТ

# ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қаратал ауданында құрылыс жұмыстары қарыштап келеді.

Оны көзбен көріп жүрміз. Әсіресе, халық қажеттілігін өтейтін нысандар мен тұрғын үйлердің бой көтеріп, ел кәдесіне жарап жатқаны көңіл қуантады.

Бүгінде Үштөбе қаласында 40 пәтерлі тұрғын үй салынууда. Бас мердігер «GOLDEN CITY DS» ЖШС жүргізетін құрылыс жұмысы былтыр желтоқсан айында басталды. Мұнда 30 адам, 3 техника жұмыс істеуде. Қазір тұрғын үйдің қабаттар аралығына монолит құйылып, бекітілуде. Нысанның құрылысы биыл шілде айында аяқталады деп жоспарлануда.

Баспана сатып аламын деген жандар үшін, «Отбасы банк» және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қызмет көрсетіп, түрлі бағдарламаларды ұсынуға әзір.

ИРРИГАЦИЯ

# Су тасқынына ТОСҚАУЫ

Елімізде көктемгі су тасқынына дайындық аясында «Қазсушар» кәсіпорнының филиалдары қажетті шараларды қолға алуда.



«Қазсушар» РМК Жетісу филиалы су тасқыны кезеңіне дайындықты бастап кетті. Филиал төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында арнайы комиссия құрып, су тасқынын апатсыз өткізуге бағытталған кешенді жұмыстарды жүргізіп жатыр. Өңірде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып, су шаруашылық нысандарының техникалық жағдайы тексерілді. Су қоймалары транзиттік режимге көшіріліп, арнайы техника мен жанар-жағармай қоры дайындалды. Сонымен бірге нысандарда хабарлау жүйелері орнатылып, барлық су шаруашылық нысандары тұрақты бақылауға алынды.

➔ Айгүл БАЙЖУМАҚЫЗЫ

# БЕРЕКЕНІҢ НЕГІЗІ КӨКТЕМНЕН БАСТАЛАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Суармалы жерлерді тиімді пайдалану да күн тәртібіндегі маңызды мәселенің қатарында. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын енгізу, ирригациялық жүйелерді жаңарту және су беру тәртібін жөнге келтіру мәселесі аталып өтті.

Жиында барысында агроасактандыру «Agroinsurance» ЖШС-нің бас директоры Салтанат Сатыбалдина, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Жетісу облысы филиалы директорының орынбасары Дулат Мұхамедиев, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жетісу облысы филиалының директоры Талғат Мамырбаев, облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің бөлім басшысы Ринат Жамаубаев, «ҚазСуШар» РМК-ның облыстық филиалының директоры Мелет Керімжанов, «Сарқанирригация» коммуналдық кәсіпорнының басшысы Заманхан Әшірбеков сөз сөйлеп, өз салаларындағы бағыт бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде ой өрбітті.

Жиында сөз сөйлеген Ақсу қант зауыты» ЖШС-ның директоры Самат Нәдірбаев зауыттың одан әрі жаңғыртылатынын, нәтижесінде 2028 жылға дейін өнім қабылдау қуаттылығы тәулігіне тағы арттырылатынын, жұмысының жанданатынын жеткізді. Қант қызылшасын қабылдайтын кәсіпорын ісіне қатысты ойымен бөліскен облыс әкімінің бірінші орынбасары зауыт – шаруалармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарып, қызмет көрсетулері тиіс екенін және оның базасында машина-трактор стансының құрудың экономикалық әрі стратегиялық тұрғыдан дұрыс қадам болатынын, қажет болса, дикандарды

тұқым, тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, өнім тасу мәселелеріне дейін ден қою қажеттігін баса айтты.

Кездесуде лауазымды тұлғалар алдында шаруалар көкейінде жүрген бірқатар өзекті мәселелерді алға тартты. Олар егіс науқанына қажетті жанар-жағармай мәселесін шешу, тыңайтқыш бағасының көтерілуі, қажетті тұқыммен уақытылы қамтамасыз етілу, ауыл шаруашылығы техникаларына қол жеткізу, су тапшылығы сияқты басқа да түйткілдерге тоқталып, жауап алды.

Жиынға қатысқан жауапты сала өкілдері көтерілген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын айтып, оларды шешу бағытында жұмыстар жүргізілетінін алға тартты. Әсіресе, көктемгі дала жұмыстары қарсаңында шаруаларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру және суармалы жерлердің тиімділігін арттыру басты назарда болатыны атап өтілді. Сондай-ақ, зиянкестермен күресті, төрт түлікті түрлі аурудан сақтау мәселесіне де ден қойылды.

Кездесу қорытындысында шаруалардың ұсыныс-пікірлері жинақталып, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берілетіні белгілі болды. Мамандар мұндай ашық форматтағы кездесулер ауыл шаруашылығы саласындағы проблемаларды дер кезінде анықтап, тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Соңында күн тәртібінде қаралған мәселелерге қатысты ой қорытқан Әлібек Әскербекұлы алдағы науқанды сапалы әрі жауапты атқару үшін салаға жауапты тұлғаларға тапсырмалар жүктенді.

Сарқан ауданы

**Биыл Жетісу өңірін 30 жылға жуық басқарған аға сұлтан, қазақ-қырғыз баласы «хан» атаған мәмілегер дипломат, қайраткер, батыр қолбасшы, халқын ауызбіршілік пен ынтымаққа тәрбиелеген дарынды ақын, күйші Тезек төре Нұралыұлы Абылайхановтың туғанына 205 жыл толады. Алтынмел өңірінің тумасы ретінде жас күнімізден Тезек төре, Шоқан Уәлиханов, Көшен төре, Айсара Көшен Төреқызы, Түбек, Сүйінбай, Бақтыбай сияқты тарихи тұлғалар туралы көптеген аңыз-әңгімені естіп өстік. Мектеп қабырғасынан бастап Тезек төре мен Шоқанға деген қызығушылық таныттық. Осы уақытқа дейін Тезек төре туралы «Тезек және Шоқан», «Тезек төре қорымы», «Тезек төре ұлы төре ме, әлде ұры төре ме?», «Тезек және Түбек», «Тезек төренің Париждегі көрмеге жіберген киіз үйі» сынды бірқатар ғылыми-танымдық мақалалар жариялаған едік.**



# ТАРИХ ТӨРІНДЕГІ ТҰЛҒА

*Көріңдер Абылайдың Тезек ханын,  
Тезектің бір жағы әкім, бір жағы ақын.  
Береке – бірлік пенен ынтымақта,  
Бабалардың өсиетін ұстан халқым,*

– деген жырымен өсиет қалдырған Тезек төре XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің әйгілі тарихи тұлғаларының бірі. Өкінішке қарай, есімі өзінің көзі тірісінде-ақ аңызға айналған Тезек төре туралы ақындар айтысындағы көп жері шындыққа сәйкес келмейтін жазбалардан басқа, кешенді ғылыми-зерттеу тұрғысынан жазылған жұмыс жоқтын қасы. Осы күнге дейін жарық көрген еңбектерге шолу жасасақ, алдымен жазушылар Бексұлтан Нұржекеұлы мен Сәрсенбі Дәуітұлының «Тезек төре – ерек төре» атты шағын кітапшасын, тарихшы-ғалымдарымыз Клара Хафизова мен журналист Ергали Ахметтің шағын мақалаларын атауға болады. Сондай-ақ, Тезек төренің 200 жылдығына арналған жинақта Дария Қожамжарова, Айгүл Махаева, Нағашыбек Қапалбекұлы, Рашид Оразов, Шәмеке Тілеубаев сынды ғалымдардың мақалалары жарияланған. Ең алғаш Тезек төрені тыңғылықты зерттеуге талпынған ақын, публицист Азамат Ақылбеков болды. Ол ондаған жыл ізденуінің нәтижесінде нақты тарихи деректерге сүйене отырып, «Тезек төре» және «Тезек төреге қатысты жыр-айтыстар антологиясы» деген екі кітап жазып шықты.

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында (Алматы, 2006 ж.) Тезек төре туралы қысқаша мәлімет берілген. Сұлтанның өмірі мен қызметі, Ресей империясынан алған шен-атақтарымен қатар, 1847 жылы Қытай мемлекетінен де III дәрежелі «Тэйжи» лауазымы берілгендігі көрсетіледі. Ол басқарған Албан, Суан, кейбір Үйсіннің, Жалайыр, т.б. рулардың Жетісудан бастап, Құлжа қаласына дейінгі алқапты жайлағаны баяндалған. Мұның өзі Тезек төренің тек қазақ даласында ғана емес, Ресей, Қытай сияқты алып империяларға да белгілі ірі саяси қайраткер болғанын білдіреді. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде Тезек төреге байланысты аңыз-өңгімелер, жырлар мен айтыс үлгілері көптеп кездеседі. Тарихи деректерден Тезек төренің жастайынан жақсы білім алғаны, соғыс тәсілдерін меңгеріп, ел басқару ісіне өте ерте араласқаны белгілі. Мысалы, Қытай мемлекетінің жазбаша деректерінде 8-9 жасар Тезек төренің Құлжа қаласына қазақ елшілігінің құрамында келгені туралы жазылған. Оның Жетісу өңіріндегі Ұлы жүз қазақтары мен көршілес қырғыз еліндегі абыройы мен ықпалын ескерген Қытай империясы 1847 жылы «Тайджи» яғни «кіші

хан» атағын беріп, өз жағына тартуға күш салды.

1848-1849 жылдары албан, суан елдерінің аға сұлтаны Хәкімбек сұлтан қайтыс болады. Ол сырқатына байланысты өмірінің соңғы жылдары ел басқару ісінен шеттеп, оның орнын Тезек төре басқан еді. Тезек төренің сол уақыттағы ел ішіндегі беделі мен атақ-даңқын мойындаған албан-суан елдерінің игі жақсылары Ұлы жүз приставы капитан К. Гутковскийге оны өздеріне аға сұлтандыққа тағайындауды сұрап хат жолдайды. Сонымен, орыс әкімшілігі Тезек төреге алтынмен зерделенген шапан жауып, 1849 жылы албан-суан елдерінің аға сұлтаны етіп тағайындайды.

Сол уақыттан бастап Тезек төренің Қытай, Ресей империялары мен Қоқан хандығының үш жақты қыспағында қалған Жетісу өңіріндегі ел-жұртын аман сақтап қалу жолындағы қауіп-қатерге толы өте күрделі, ресми қызметі басталады. Тезек төре ақылы мен айлакерлігінің арқасында атақты ғалымдар Семенов Тянь-Шанский, Ш. Уәлиханов, орыс әкімшілігі мен әскери басшылығы өкілдері К. Гутковский, А. Гейнс, С. Абакумов, М. Хоментовский, М. Перемышельский, Г. Колпаковский, Г. Гасфорт және айналасындағы Қытай, Тараншы, Қырғыз, Қоқан елдерінің саяси ықпалы жоғары тұлғаларымен терезесі тең қарым-қатынас орната білді. Нәтижесінде, Тезек төре билікке келген 1849 жылдардан бастап, Жетісу өңірін мүмкіндігінше тәуелсіз, дербес, автономды өлке ретінде басқаруға тырысты.

Хандық жүйенің жойылғанына қарамастан, ата-баба салтына сай өзін «хан» атап, ел басқару ісінде ұлттық салт-дәстүрді бекем ұстанды. Халық ішінде ауылы «Тезек төре ауылы», ал жеке үйі «хан ордасы» деп аталды. Данқты бабаларына еліктеп, реті келгенде орда маңына батыр, би, шешен, ақын, әнші, күйшілерді жинап, түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырып отырған. Әсіресе өнер адамдарына, ақын-жыршыларға қомақты материалдық көмек түрлерін көрсетіп отырғаны да белгілі.

Бұл туралы қазақтың біртуар тұлғасы Д. Қонаевтың: *«Мына жерде кім жатқанын білесің бе? Бұл жерде өзі ақын, өзі батыр, өзі философ осы Жетісудың аға сұлтаны – хан Тезек жатыр. Егер Тезек төре болмаса ақын Түбек те, Сүйінбай да, Бақтыбай да белгісіз болар еді»*, – деген сөзі Ә. Алыбаевтың естелігінде жазулы тұр.

1854 жылы Тезек төре қазақ-қырғыз арасындағы кантөгісті тоқтатуға белсене араласып, атсалысты. 1856 жылы Семенов Тянь-Шанскийдің экспедициясына қолдау көрсетіп, оның қауіпсіздігін тікелей өзі қадағалады. 1858-1863 жылдар аралығында поручиктен бастап, капитан, подполковник, полковник шенін иеленіп, дәрежесі көтерілді. 1865 жылы «Святой Станислав» орденімен марапатталды. Осы жылы Тезек төре ауылында қазақ халқының жарық жұлдызы, этнограф-ғалым Шоқан Уәлиханов қайтыс болып, Тезек төре оны өз қолымен жерледі және қаралы хабарды естіру үшін хат жазып, Көкшетауға арнайы адамдар жіберді. 1867 жылы Парижде өткен этнографиялық көрмеге жеке киіз үйі мен бағалы заттар жіберді. 1868 жылы Патша үкіметі «Тезек төрені ел-жұртымен бірге Қытайға көшпекші болды» деген сылтаумен Қапалдағы түрмеге 6 айға қамалды. Сонымен, Жетісу өңірін 30 жылдан астам уақыт аралығында барынша дербестігін сақтап, халықтың әлауқатын жақсартуға тырысып, ауызбірлік пен ынтымаққа тәрбиелеп басқарған Тезек төренің де дәуірі аяқталуға жақын қалған еді. Шамамен 1877-1878 жылдары көзі тірісінде, өмірінің аз қалғанын сезгендей, Алтынмел асуының етегіндегі әке-шешесі жерленген төрелер қорымында өзіне арнап сән-салтанаты жарасқан күмбезді тұрғызады. 1879 жылы маусым айында қазақтың ардақты ұлдарының бірі, Ұлы жүздің данқты билеушісі Тезек төре қайтыс болды. Төренің замандасы, сырласы, досы Сүйінбай ақынның Тезек төрені жоқтаған зарлы үні кезіп кетті. Оның шығарған екі жоқтауы елдің сай-сүйегін шымырлатқан еді. Поэзиялық деңгейі өте жоғары бұл жоқтауларды оқыған әрбір адам Тезек төренің ерлікке толы өмірбаянымен танысқан болар еді.

Тезек төре дарынды ақын, күйші, әнші ретінде қазақ ауыз әдебиетінде өзіндік мұра қалдырды. Ол туралы онымен кездесіп көзін көрген, сөз қағыстырып, айтысқан Түбек, Сүйінбай, Бақтыбай, Құлмамбет, Төребай, Егізбай сияқты ақындар және Қожанбет би, Бөлтүрік шешен, Құлжабай аулие, Кебекбай секілді замандастары жырлап өткен.

Ал қызыл идеологияның ықпалымен Тезек төре ұры, қарақшы, зорлықшыл деген сияқты сөздердің түкке тұрғысыз, қасақана жағылған күйе екені әрбір білімді адамға мәлім жағдай. Шынымен солай болса, жоғарыда аталған тарихи тұлғалар немесе Ә. Марғұлан, Д. Қонаев сияқты ұлтымыздың тұлғалары соншама оңды пікір жазар ма еді?

Мысалы, географ-ғалым Семенов Тянь-Шанскийдің Тезек төрені «Властитель Семиречья», «хозяин здешнего нагорья» деп атағанын оның беделінің биіктігін көрсетеді. Оның «в землях, относящихся к управлению Тезекском, находился важный переход в Кульджинский край – Алтын-Эмель, а за ним местность Уйгентас. Все торговые караваны казахских феодалов, сибирских, татарских и среднеазиатских купцов, чтобы достичь Кульджи (Или), должны были проходить через Уйгентас и долину Хоргоса. Поэтому Тезек держал под своим контролем этот важный стратегический пункт, который находился на пути в Китай, а из Китая – в Сибирь и Центральную Азию» деген жазбасы Тезектің Жетісу жерінің нақты иесі болғанын аңғартады.

Ал сол жердің шетіне жау тиген кезде жекебасын өлімге тігіп, арыстандай арпалысып, ел-жұртына төнген қауіп-қатердің де бетін қайтарған. Мысалы, 1863 жылғы 18 маусымда Құсмұрын бекеті маңында Қытайдың басқыншы әскеріне қарсы шабуылды Тезек төре мен оның баласы Батырхан бастап, ерекше ерлік көрсетіп, көзге түскені белгілі. Бұл соғыстың қорытындысы бойынша генерал-майор Колпаковский «При наступлении китайских скопищ против Кушмурунского лагеря с целью атакующей оной 18 июня сего года, сильно и быстро бросился с киргизскою милициею на означенные скопища, разбил их и обратил в бегство» деп жазған еді. Бұл жерде Шоқан Уәлихановтың деректері бойынша Тезек төренің жақсы қаруланған, жауынгерлік шеберлігі өте жоғары 1500-ге жуық сарбазы болғанын ескерсек, сол заманда төре өз күшімен елін де, жерін де қорғай алғаны көрініп тұр. Қазақ даласының басқа өңірлеріндегі орыс әкімшілігі тағайындаған өзге аға сұлтандардың ешқайсысы Тезек төре сияқты тұрақты түрде соншама сарбаз ұстай алмаған және олардың ел ішіндегі ықпалы мен беделі де жоғары емес еді.

Қазақ халқы Ұлы қаған Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының арқасында бастары бірігіп, ұлан-ғайыр жерге ие болып, кейіннен дербес мемлекет құрғаны жасырын емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Türkistan» газетіне берген сұхбатында: «Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ел ретінде тұлғаларымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек», – деп қадап айтты. Олай болса, биыл туғанына 205 жыл толып отырған Тезек төре Абылайхановтың тарихи тұлғасын, әдеби мұрасын дәріптеу ісін қолға алу қажет. Өз тарапымыздан мүдделі мемлекеттік органдардың қолдауымен облысымыз бен басқа да өңірлерде «Тезек төре – 205» іс-шаралары аясында ақпарат құралдарында мақалалар беріп, елді мекендерде билбордтар орнатса, тарихи тұлғасы мен әдеби мұрасын зерттеу мен насихаттауға арналған түрлі мәдени көпшілік шаралар ұйымдастырылса, Тезек төреге ескерткіш орнатып, пьеса, кинофильм түсіру сияқты ізгі істерді қолға алса деген ұсынысымыз бар.

Сонымен қатар, Тезек төренің қасақана қиратылған мазарын қалпына келтіріп, Шоқан Уәлихановтың «Алтынмел» мемориалды музейімен байланысты айтулы туристік нысанға айналдыру мүмкіндігін қарастырса тарихтан орын алар тағылымды дүние болар еді.

**Бағдат АҚЫЛБЕКОВ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
тарих ғылымдарының магистрі**



Италияда қысқы Олимпиада ойындары салтанатты түрде ашылып, дүбірі басталды. Жарыс жолына шыққан ел спортшыларынан қалың қауым, үлкен үміт күтіп отыр. Сынға түскен әр спортшының жолына алаңдап, нәтижесіне үміт артып, өзге спортшылармен салыстырып әлекпіз. Осы орайда қазақстандық спортшылардың Олимпиада басталғалы бүгінгі күнге дейінгі көрсеткішіне тоқталсақ,

тердің бірі Руслан Медельбек: *«Негізгі бағдарламадан соң олимпиада чемпионы мен жүлдегерлері анықталады. Шайдоров алашқы үштікте тұрған қарсыластарынан кемі он ұнай қалып келеді. Егер Малинин, Кагияма, Сяо Хим Фа негізгі бағдарламаларын таза орындаса, үшеуінен өзге басқа спортшыларға қиынға соқпақ»*, – дейді. Колькимен 3000 метр қашықтыққа жүгіруден Надежда Морозова 4:01.200 уақытта алтыншы болып мәреге жетсе, Елизавета Голубаева 4:03.300 көрсеткішімен оныншы болды. Бұл қашықтықта италиялық Франческа Лолобриджида олимпиада рекордын жаңартып, алтын алды (3:54.280 көрсеткішімен).

Колькимен жүгіру спортынан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Александр Панфилов: *«Айта кету керек, бұған дейін Олимпиада ойындарындағы ең үздік нәтижеміз 2014 жылы тіркеліп, жетінші орын алған едік. Әрине, 1998 жылы Людмила Прокашева жеңіп алған тарихи қола медальді есепке алмадым. Мен сол жүлдеден кейінгі көрсеткіштер туралы айтып отырмын»*, – деді. Одан кейін 1000 қашықтықта Морозова 1:16.00 (14-орын), Голубаева 1:16.40 (19-орын), Кристина Силаева 1:17.57 (28-орын) уақытта келді. Бұл сында нидерланд Ютта Лердам Олимпиада рекордын жаңартып, алтын алды (1:12.31 уақытта). Фристайл-могулдан сынға түскен үш қы-

зымыз финалдық кезеңге тікелей жолдама ала алмады. Алғашқы іріктеу сатысында Анастасия Городко 12-орын, Олимпиаданың қола жүлдегері (Пхенчхан, 2018) Юлия Галышаева 14-орын алса, Аяулым Әміренова 20-орынмен аяқтады. Енді үшеуі де финалдық кезеңде өнер көрсету үшін екінші іріктеу сынында бақ сынады. Ал ерлер арасындағы сында Павел Колмаков алғашқы іріктеуде 9-орын алып, тікелей финалдық кезеңге жолдама алды.

Биатлоннан ерлер арасында 20 шақырымдық жекеley жарысқа Әсет Дүйсенов (74-орын) пен Владислав Киреев (53-орын) қатысты. Ал шаңғы жарысының спринт бағдарламасы бойынша қатысқан қазақстандықтардың ешқайсысы іріктеуден аспады (келесі кезеңге өту үшін 30 спортшының қатарында болу керек). Қыздарымыздан Дарья Рязко 55-орын, Анна Мельник 58-орын, Надежда Степашкина 63-орын, Ксения Шалыгина 72-орында келсе, ерлерімізден Виталий Пухало 75-орын, Әмірғали Мұратбеков 76-орын, Наиль Башмаков 85-орында аяқтады. Олар сөреден шыққанымен мәреге жете алмады.

Өзінің төртінші Олимпиадасына қатысып жатқан шорт-трекші Денис Никиша 1000 метр қашықтықта ширек финалға өте алмады. Одан бөлек аралас эстафета да спортшыларымыз айтарлықтай өнер көрсете алмады. Команда лидерлерінің бірі Абзал Әжіғалиев: *«Аралас эстафетада келесі кезеңге өте алмадық. Бірақ бұл жекеley сайыстың алдындағы сынақ деп ойлаймын. Сондықтан алда әлі жекеley жарыс бар. Біз соңына дейін күресеміз. Олимпиада әлі біткен жоқ»*, – деді өз сөзінде.

Ел спортшыларынан күтетініміз көп. Әлі де сеніммен қарап, Италияда олимпиада жүлдесін алады деген үміттеміз. Қазақстан 2022 жылғы Олимпиадада жүлдесіз қалған еді.

**Сурет Қазақстан УОК тисілі**

**Серік ҚАНТАЙ**

Әуелі үміт күткеніміз мәнерлеп сырғанаудан еліміздің көшбасшысы Михаил Шайдоров болатын. Ол қысқа бағдарламада 92.94 ұпай жинап, 5-орын алды. Шайдаров төрт айналма лутц және үш айналма тулуп каскадында сәл

кателік жіберіп, кейін үш айналма аксель мен төрт айналма тулупты қатесіз секірді. Ал көштізгінің екі дүркін әлем чемпионы Илья Малинин (АҚШ; 108.16 ұпай) алып, одан кейін Юга Кагиямамен (Жапония; 103.07 ұпай) Адам Сяо Хим Фа (Франция; 102.55 ұпай), Даниэль Грассл (Италия, 93.46 ұпай) орналасты. Енді еркін бағдарлама 13 ақпанда өтеді. Миланнан арнайы хабар таратқан журналис-

# АҚЫН РУХЫ АСҚАҚ ТАҒАН КҮН

Жетісу төрінде өткен Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған облыстық «Есіңе мені алғайсың...» атты әншілер байқауы биыл да руханият пен өнерді тоғыстырған тағылымды мәдени мерекеге айналды.

Сарби ӘЙТЕНОВА



Ақын жырына жазылған әндер арқылы ұлттық рухты асқатуды мақсат еткен бұл байқау – поэзия мен саздың, өткен мен бүгіннің арасын жалғаған рухани көпір іспетті. Шара басында Мұқағали өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетіліп, көрерменді терең ойға жетеледі. Экраннан көрінген сырлы бейнесі, тағдырлы жолы мен жыр әлемі залдағы жұртты ақын рухымен қайта табыстырғандай әсер қалдырды.

Бұл байқау осымен 28 рет ұйымдастырылып отыр. Өткен жылдар легі оның уақытша шара емес, халық жадында орныққан үлкен мәдени құбылысқа айналғанын айқын көрсетті. Осы орайда Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Бүкіләлемдік Шыңғысхан академиясының академигі, белгілі ақын Әміре Әрін байқаудың тарихы мен маңызы туралы жүйелі ой қозғады.

Ақынның айтуынша, бұл игі бастама 1999 жылы қалыптасқан.

– Ол кезде Алматы облысын басқарған көрнекті мемлекет қайраткері Заманбек Нұрқаділов Мұқағали мұрасын кеңінен насихаттау жөнінде нақты тапсырма берген еді. Мен сол жылдары облыстық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқаратынмын. Бір күні басшымыз шақырып, облыс әкімінің тапсырмасын жеткізді. Біз туске дейін «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты байқаудың шартын жасап, түстен кейін оны өткізу туралы бұйрыққа қол қойдық. Осылайша бұл үлкен дәстүрдің негізі қаланды, – деп еске алды ол.

Сол бір күнгі шешім кейін бүкіл елге тараған рухани шараға ұласты. Жыл сайын Мұқағали жырымен тыныстаған кештер өтетін болды. Поэзия халықпен қайта қауышып, ақын сөзі ұрпақ жадында жаңғыра түсті.

– Бүгінде тақырыбы жаңарғанымен, сол рухани сарын сақталып отыр. Бұл – халықтың Мұқағалиға деген шынайы құрметінің белгісі.

Осындай шаралардың жалғасуына мұрындық болып жүрген облыс басшылығына, мәдениет саласының қызметкерлеріне ризашылығымыз шексіз, – деді ақын.

Әміре Әрін байқауға қатысқан өнерпаздардың шеберлігіне де жоғары баға беріп, Мұқағали поэзиясының тылсым тереңдігіне ерекше тоқталды.

– Мұқағали – әулие ақын. Ол – қазақ әдебиетінде Көк Тәңірімнен тілдескен, көктен қуат алған тұлға. «Мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрдасымын» деген сөзі бар. Бірақ ол тек бір ғасырдың емес, қазақтың мәңгілік ақынына айналды. «Поэзия, менімен егіз бе едің?» деген Мұқағали қазақтың қара өлеңімен егіз демей көріңіздер, – деді ол тебірене.

Ақын пайымынша, Мұқағали жыры – халықтың жүрек соғысы, ұлттың рухани паспорты. Оның өлеңдері уақытпен тозбайды, ұрпақпен бірге жаңғырады.

ӨЛЕҢМЕН  
ӨЗІНДІК ӨРНЕК  
САЛҒАН, ҚАСИЕТТІ  
ҚАРАСАЗ ТОПЫРА-  
ҒЫНДА ДҮНИЕГЕ  
КЕЛІП, АСҚАН ТА-  
ЛАНТЫМЕН ХАН-  
ТӘҢІРІНІҢ МҰЗ-  
БАЛАҒЫ АТАНҒАН  
МҰҚАҒАЛИ МАҚА-  
ТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫ-  
НА 95 ЖЫЛ ТО-  
ЛУЫНА ОРАЙ ЖАР-  
КЕНТ ҚАЛАЛЫҚ  
КІТАПХАНАСЫНЫҢ  
ҰЙЫМДАСТЫРУЫ-  
МЕН «МЕН ӨМІРГЕ  
ЖЫРЛАУ ҮШІН  
КЕЛГЕНМІН» АТТЫ  
ӘДЕБИ-ӘУЕЗДІ  
КЕШ ӨТТІ.



## ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН

Салтанатты кеште ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасалды. Ақын поэзиясының халыққа кең таралуының сырлары тарқатылып сөзіне жазылған әндер аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздарының орындауында көпшілік назарына ұсынылды.

Жаркент жоғары педагогикалық колледж студенттері мен Жамбыл Жабаев атындағы орта мектептің оқушылары шақырылған шараға қалалық «Аналар» кеңесінің төрайымы Зинат Чинибаева, зейнеткер ұстаз Асия Мұсаева, казак «Соқырлар» қоғамының

төрағасы Аблахат Құсайынов, ардагер кітапханашы, сала үздігі, қалалық «Аналар» кеңесінің мүшесі Гүлбақыт Ибраимова қатысты.

Кездесу қонақтары жастарға Мұқағали жырлары әрбір қазақтың жүрегінде екенін, оның сырға толы поэзиясы оқырмандарының жанын тебіrentіп, өлеңдерінен ләззат алатындарын толғаныспен айты. Ардагер аналар жастарды кітап оқуға және ұлтымыздың ақын-жазушыла-

рының шығармаларын насихаттауға шақырды.

Оқушылар ақын өлеңдерін жатқа айтып көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мәдениет үйінің әншілері Е. Несіпбеков «Сары ала қаз», «Шеше», Б. Оспанбеков «Сен көріктісің» атты әндерді орындап, кештің көркін арттырды.

Сәуле ҚАЙРАҚОВА,  
Жаркент қалалық  
кітапханасының меңгерушісі

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы ММ 20.02.2026-26.02.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «Жетісу облысы Ескелді ауданы «Бұрхан-бұлақ» сарқырамасына автомобиль жолын қайта жаңарту. Түзету (ПК150+00-ден ПК 307+82-ге дейінгі учаске)» жұмыс жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу» сообщает о том, что в период с 20.02.2026-26.02.2026 года на информационной системе ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция автомобильной дороги к водопадку «Бурхан-Булак» Ескельдинский район области Жетісу. Корректировка (Участок с ПК150+00 по ПК 307+82)»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) для предоставления замечаний и предложений.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы ММ 20.02.2026-26.02.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: «Жетісу облысы Ескелді ауданы «Бурхан-бұлақ» сарқырамасына автомобиль жолын қайта жаңарту. Түзету (ПК0+00-ден ПК150+00-ге дейінгі учаске)» жұмыс жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу» сообщает о том, что в период с 20.02.2026-26.02.2026 года на информационной системе ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция автомобильной дороги к водопадку «Бурхан-Булак» Ескельдинский район области Жетісу. Корректировка (Участок с ПК0+00 по ПК150+00)»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) для предоставления замечаний и предложений.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

### Меншік несі:

ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшының міндетін атқарушы:

Марал ДАУТАЛИНОВА

Басшының қабылдау бөлмесі:

40-20-71

Бас редактор:

Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонна хабарласу керек.



Кезекші редактор: Сарби ӘЙТЕНОВА

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Талпырсы — 150

«Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы — 6583, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4621. Индексі — 65469.